

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
22.09.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 22.09.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Тимур Тұрарұлы Дәндібаев мырзаға беріледі.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға 2020 жылғы 29 мамырда жасалған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Келісім қарулы күштердің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесін құруды көздейді. Оның негізгі міндеттері мынадай:

қарулы күштерді басқару жүйесінде және қарулы күштері арасында талап етілетін байланыс қызметтерін ұсыну және ақпараттың барлық түрлерімен алмасуды қамтамасыз ету;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы форматында құрылған әскери саладағы өзара іс-қимылдың біріккен жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

байланысқа, ортақ пайдаланылатын ұлттық байланыс желілерімен және арнайы мақсаттағы байланыс желілерімен қажетті үйлесімділікке қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.

Бірлескен (біріккен) байланыс жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында тараптардың уәкілетті органдары осы келісімге қатысушы мемлекеттердің қорғаныс мұқтажы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін байланыс қызметтерін көрсетуге байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы келісімге қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің байланыс желілерінің ресурстарын пайдалана алады.

Бірыңғай техникалық тәсілдер және қазіргі заманғы әскери техника мен байланыс жабдығымен басым түрде жарактандыру негізінде құрылып жатқан

байланыстың бірлескен жүйесі мемлекеттер қарулы күштерінің жауынгерлік даярлығын арттырады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Тимур Тұрарұлы! Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің әскери байланыс жүйелерінің деңгейі әртүрлі екені анық. Осыған байланысты белгілі бір жағдайларда олардың үйлесімдігі туралы мәселелер туындауы мүмкін.

Келісімнің 7-бабына сәйкес қатысушы елдер өз елдерінің қару-жарағына кіретін ұлттық байланыс құралдарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Қазақстан армиясының Достастық елдерінің армияларымен байланыс құралдарының үйлесімділігі қандай екенін түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

В данной ситуации у казахстанской армии имеются различные средства связи. Смысл данного соглашения в том и заключается, чтобы обеспечить взаимозаменяемость и сопрягаемость этих систем связи.

В данной ситуации российская сторона берет на себя обязанность технически обеспечить нас средствами связи, которые будут действовать по обеспечению связи в рамках СНГ. Но это не значит, что каким-то образом это может повлиять на действующую систему связи и управления войсками. В связи с этим у нас имеются своя система связи закрытого и открытого сегментов в системе Вооруженных Сил и система управления Вооруженными Силами. То есть они действуют автономно, поэтому каким-то образом не повлияют на работоспособность. Цель этого соглашения и заключается в том, чтобы обеспечить взаимозаменяемость и сопрягаемость этих систем связи.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Колода Дмитрий Владимировичке беріледі.

КОЛОДА Д.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос связан с предыдущим вопросом и адресован представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития.

Поясните, пожалуйста, производятся ли предприятиями оборонно-промышленного комплекса нашей страны средства и системы связи для казахстанской армии? Если да, то совместимы ли они со средствами связи вооруженных сил стран Содружества Независимых Государств? Спасибо.

ТӨРАҒА. Адильбек Зейнуллаевич Сарсембаев.

СӘРСЕМБАЕВ Ә.З. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! По этому вопросу хотел бы пояснить, что в настоящий момент оборонно-промышленный комплекс Казахстана представлен в части радиосвязи восемью предприятиями. Они производят радиосвязь разных стандартов. Все эти радиостанции, конечно, совместимы с теми средствами связи, которые применяются в странах СНГ. Поэтому у нас высокая степень готовности для производства этих радиостанций.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Тимур Тұрарұлы! Келісімнің 10-бабына сәйкес тараптардың әрқайсысының күштері мен құралдарының бір бөлігі Бірлескен байланыс жүйесінің құрамында тұрақты жауынгерлік кезекшілікті жүзеге асырады. Мұндай күштер мен құралдардың құрамы қатысушы елдердің заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес айқындалады.

Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Тұрақты жауынгерлік кезекшіліктің көрсетілген режимі нені білдіреді?

Екінші сұрақ. Біздің заңнамада тұрақты жауынгерлік кезекшілікте күштер мен құралдарды айқындау тәртібі белгіленген бе? Рақмет.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Сұрақтарыңызға рақмет.

Кезекші күштер мен қандай құрылымдар құрылатыны Қорғаныс министрінің бұйрығымен анықталады. Оның міндеті, жауынгерлік әзірлік дәрежесі, жауынгерлік кезекшілікті атқару ұзақтығы Қорғаныс министрінің бұйрығымен белгіленеді және анықталады.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Сөз депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Тимур Турарович! В статье 15 соглашения определено, что обучение военных специалистов для войск сил и средств Совместной объединенной системы связи осуществляется на основе двусторонних соглашений сторон.

Поясните, пожалуйста, какова обеспеченность казахстанской армии специалистами связи, проводится ли подготовка специалистов связи в военно-учебных заведениях нашей страны и соответствует ли уровень их подготовки требованиям рассматриваемого соглашения? Спасибо.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Сегодня проблем по подготовке специалистов войск связи в Вооруженных Силах Казахстана нет. У нас существует и функционирует Алматинский институт радиоэлектроники и связи, который полностью обеспечивает потребность Вооруженных Сил Республики Казахстан (именно по обеспечению войск связью).

Вместе с тем мы готовим на паритетной основе необходимых специалистов связи в Санкт-Петербурге, Академии имени Буденного, а также

в Военно-космической академии имени Можайского, где именно узконаправленные специалисты проходят свою подготовку.

Необходимости расширять этот спектр подготовки сегодня нет. По мере необходимости мы можем (есть такая возможность) готовить этих специалистов, в том числе и в дальнем зарубежье.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Тимур Тұрарұлы! Келісімнің 14-бабы ақпаратты беру және қорғау мәселелерін реттейді. Осы баптың үшінші абзацында тараптар осы келісімнің шеңберінде алынған ақпаратты осы ақпаратты берген тараптың жазбаша келісімсіз үшінші тарапқа бермейді деп бекітілген. Осыған орай менің нақтылайтын сұрағым бар.

Аталған жағдайда үшінші тараптың нені білдіретінін түсіндіріп беріңізші. Бұл осы келісімге қатысушы мемлекет пе, әлде қатысушы болып табылмайтын мемлекет пе? Рақмет.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Иә, дәл солай. Осы келісімге кірмеген мемлекеттер үшінші тарап болып табылады.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Тимур Тұрарұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесін құру ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан уақтылы және негізделген іс-шара болып табылады және достастық форматындағы әскери ынтымақтастықты нығайту үшін маңызы зор.

Келісімнің негізгі мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери саладағы өзара іс-қимылдың бірлескен жүйелерінің сапалы және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру болып табылады.

Келісімді ратификациялау өзара мүддені білдіретін бағыттар мен мәселелер бойынша әскери саладағы ынтымақтастық деңгейін арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Өз кезегінде қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылы әлемдегі және атап айтқанда, Ауғанстандағы соңғы оқиғалар аясында маңызды болып отырған бейбітшілік пен өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған халықаралық қатынастардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды. Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын мақұлдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Тілектес Серікбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Бірінші кезекте әлемде қалыптасқан күрделі әскери-саяси жағдай Қазақстан Республикасының ТМД шеңберіндегі көпжақты әскери ынтымақтастығының қажеттілігі өзекті екенін көрсеткенін атап өткім келеді.

ТМД елдерінің қабылданған 2025 жылға дейінгі әскери ынтымақтастығының тұжырымдамасында таяу перспективаға арналған өзара іс-қимылдың бағдарламалары айқындалғаны аса маңызды. Олардың қатарында Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың біріккен жүйесін, Мемлекеттік радиолокациялық танудың бірыңғай жүйесін, Әскери авиацияның ұшу қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпарат алмасу жүйесін, Байланыстың бірлескен (біріккен) жүйесін, Радиациялық және химиялық қауіпсіздікті бақылау мен бағалаудың біріккен жүйесін, Өлшем бірлігі жүйесін қалыптастыру бар.

Қаралып отырған келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерін басқарудың және олардың арасындағы өзара іс-қимыл жасау мақсатында байланысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарды орындаудың орнықтылығын арттыруға бағытталған.

Құжат ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштеріндегі ұлттық және шетелдік өндіріс әскери байланыс жүйелерінің, кешендері мен құралдарының сабақтастығы мен үйлесімділігін оларды жаңғырту, әскери байланыс саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асыру негізінде қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондай-ақ Үйлестіру комитетінің отырыстарын, осы жүйеге қатысы бар байланыс күштері мен құралдарын жаттықтыруды өткізу, байланыс әскерлерінің бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастыруға, олардың жауынгерлік әзірлігін қолдауға, жүйенің қолданыстағы және жаңадан құрылған элементтерін пайдалану негізінде тиімді қолдануды қамтамасыз етуге қатысу көзделген. Осындай қызмет бағыттарын іске асыруды ТМД-ның мүдделі мүшелерімен жасалатын екіжақты келісімдер шеңберінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Келісімді ратификациялау қатысушы елдердің өзара мүдделілігін білдіретін бағыттар мен мәселелер бойынша әскери саладағы ынтымақтастық деңгейін арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Осылайша, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесін құруды ескере отырып, ұжымдық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан уақтылы және негізделген іс-шара болып табылады.

Құрметті әріптестер, баяндалғанның негізінде заң жобасын қолдауды және оны Сенаттың қарауына жолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әмірхан Мұратбекұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сондықтан қаулының жобасын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Дүрсін: Құжаттаманы қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майғ Н.Шайғыстағы.